

«Бекітемін»
«Атырау облыстық қан орталығы»
директоры
Бахонов Ж.К.



ХАТТАМА

«Атырау облыстық қан орталығы» ШЖҚ КМК бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мақсатында қызметкерлермен орталықтың комплаенс-офицері 2026 жылдың 1 тоқсанға өткізген түсіндіру жиналысы.

Атырау қалысы

15 сәуір 2026 жыл

Хатшы: М. Шаймарданова – Атырау облыстық қан орталығының заңгері, комплаенс офицер.

Қатысқандар: Атырау облыстық қан орталығының қызметкерлері;

Күн тәртібі: Атырау облыстық қан орталығы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдардың алдын алуға, комплаенс-қызметінің мақсаты туралы, заңнама талаптарын сақтау мәселері мақсатында жиналыс өткізу.

«Атырау облыстық қан орталығы» ШЖҚ КМК-ның қызметкерлері арасында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселері бойынша түсіндіру жұмыстары және оқыту іс шаралары жөнінде жиналыс өткізілді.

2026 жылдың 31 наурыз күнгі сағат 15-00 де орталықтың мәжіліс залында ҚР мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөнінде қызметкерлермен жиналыс өткізілді, түсіндірме жұмыстарын комплаенс-офицер Маншук Шаймарданова оқытып таныстырды. «Сыбайлас жемқорлық пен күрес—еліміздің болашағына төнетін қауіпті жою». Жиналыс барысында Атырау облыстық қан орталығында комплаенс офицер М.Шаймарданова Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл туралы заңнамалырын баяндап оқыды.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау фактілерін жол бермеу бойынша жүргізілетін жұмыстың тиімділігін арттыру, сонымен қатар сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша шаралар күшейту мақсатында

сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізіліп әрбір бөліпшелерге 2026 жылда тексеріс жүргізілетінін атап өтті.

Жиналыс барысында орталықтың 2026 жылға арналған Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу бойынша шаралар Жоспары бекітілген. Жоспарда келесі шаралар көзделген: сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың нормаларын түсіндіру бойынша құқықтық жалпы оқытуларды жүргізуді ұйымдастыру, жеке және заңды тұлғалардың «Атырау облыстық қан орталығы» ШЖҚ КМК -нің қызметкерлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау мәселелері жөнінде өтініштерін бақылау және келіп түскен арыздар бойынша уақыты шешім қабылдау, сыбайлас жемқорлықтың көріністері мен байланысты азаматтардың арыздарын қарауды қамтамасыз ету.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау фактілерін жол бермеу бойынша жүргізілетін жұмыстың тиімділігін арттыру, сонымен қатар сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша шаралар күшейту мақсатында 2026 жылы тұрақты негізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг және «Атырау облыстық қан орталығы» ШЖҚ КМК -нің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді жалғастыру.

Комплаенс-офицердің негізгі міндеттері сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша реттеушілік талаптар мен үздік халықаралық тәжірибенің сақталуын қамтамасыз ету және қан орталығының ішкі корпоративтік мәдениетін қалыптастыру болып табылады, сол арқылы барлық донорлар, қызметкерлер арасында ең үздік халықаралық стандарттарға, ішкі саясатқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ашықтық, адалдық қағидаттары қамтамасыз етіледі. Комплаенс-офицер өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚРЗ), Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасына (Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 02 ақпанындағы №802 Жарлығы), Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы үлгілік ережесі (Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы №112 бұйрығы), Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес

саласындағы қолданыстағы өзге де нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

Заң талаптарын бұзу Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын бұзғаны үшін көзделген жауапкершілік шараларын қолдануға әкеп соғатынын айтты.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын қатаң сақтау туралы және басқада қағидаларын айтып орталықтың қызметкерлеріне ескертті.


Жиналыс барысын қорытындылай келе орталықта сыбайлас жемқорлыққа алдын алу шараларын нығайту жөнінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында түсіндірме жұмыстарын кеңінен жүргізу бір ауыздан мақұлданды.

Қызметкерлерге Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселері бойынша түсіндіру қажеттілігінің маңызы зор екендігі жеткізілді.

Шешім етті:

1. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары мен болдырмау үнемі жұмыстарын жүргізу.
2. Орталықтың бөлімше меңгерушілеріне, қызметкерлерге қатаң қадағалау жүктеу.

Комплаенс офицер:



М. Шаймарданова